

## **Halyk Bank Түркістан облысында**

### **жаңа облыстық филиалын ашты**

**Алматы, 2019 ж. 31 мамыр** — «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі - Halyk Bank, Банк) клиенттер үшін өз қызметтерінің қолжетімділігін кеңейту мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы көшірілген Түркістан облысында Банктің жаңа облыстық филиалын ашады.

Банктің Түркістан облыстық филиалы Түркістан облысының Түркістан қаласында өңірлік филиалын есептік тіркеу туралы мемлекеттік куәлігін (31.05.2019 ж. №175-1959-20-Фл) алды.

Банктің Түркістан облыстық филиалының отыз әмбебап бөлімшесі бар, оның бесеуі Түркістан қаласында орналасқан. Филиалдың эквайрингтік инфрақұрылымы 183 банкоматты, 40 төлем терминалын, 69 pos терминалды қамтиды.

Банктің Түркістан облыстық филиалы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бойынша тиімді шешімдерді, кәсіпкерлерге операциялық қызмет көрсетуді және жалақы жобаларын жүргізуді қоса алғанда, ұйымдарға кең саладағы банк қызметтерін көрсететін болады.

Статистикалық деректерге сай Түркістан облысында барлық қазақстандықтың оннан бір бөлігі өмір сүріп жатыр, еліміздегі адам саны бойынша 2-ші орында тұр, яғни 1 921 747. Бұлардың ішінде экономикалық белсендісі шамамен 44% құрайды және 880 мың адамнан асады. Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымына 13 аудан мен облысқа бағынатын 3 қала кіреді.

Halyk Bank Басқармасы төрағасының орынбасары Ертай Салимов мырза «Біз, әсіресе, бөлшек клиенттер үшін банк өнімдері мен қызметтерін кеңейтудің жақсы мүмкіндіктерін көріп отырмыз. Бұл – экспресс-кредиттер мен кредиттік карталар, жылжымайтын мүлік кепіліне қарыздар мен ипотека, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілетін кредиттер. Бұған қоса Түркістан облысының тұрғындарына Go! Бонустар есептелетін Halyk Bank-тің төлем карталарының кең желісі, сонымен қатар мемлекет есебінен пайыздық сыйақылар қоса есептелетін білім беру салымдарын қоса алғанда, Банктің мерзімді депозиттерінде ақша жинаудың кең мүмкіндіктері қолжетімді», - деп атап өтті.

Halyk Bank (<https://www.halykbank.kz>) 1998 ж. бері Қазақстан қор биржасының (KASE), 2006 ж. бері Лондон қор биржасының (LSE) листингінде тұр. Ең жоғарғы кредиттік рейтингтердің біріне ие: (Moody's – Ba1 / Fitch – BB / S&P – BB). 2017 ж. шілдеде Halyk Bank активтерінің көлемі бойынша екінші қаржы институты – «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың бақылау үлесіне ие болды және 2018 ж. шілдеде оны өзіне қосып алды.

*Halyk Bank 2019 ж. 1 сәуір күнінің есебі бойынша 8,9 трлн. теңге көлеміндегі активімен Қазақстандағы және Орта Азия өңіріндегі ең ірі кредиттік ұйым болып табылады, клиенттерінің базасы мен филиалдық желісі кең таралған – елімізде 656 филиалы мен бөлімшесі бар, сондай-ақ Грузияда, Қырғызстанда, Ресейде, Тәжікстанда және Өзбекстанда еншілес банктері жұмыс істейді.*

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ PR-қызметі*

*тел. +7 727 2 590 301 | [pr@halykbank.kz](mailto:pr@halykbank.kz) | [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)*